

## 2010 жылға арналған халықтың мақсатты топтарын анықтау туралы

Қостанай облысы Қостанай ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 8 ақпандағы № 54 қаулысы.  
Қостанай облысы Қостанай ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 17 наурызда  
№ 9-14-123 тіркелді

**Р Қ А О е с к е р т п е с і .**

**Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабына, "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 5, 7-баптарына сәйкес Қостанай ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ Е Т Е Д І :**

1. 2010 жылға арналған халықтың мақсатты топтары болып мынадай санаттар анықталсын:

- 1) аз қамтылғандар;
- 2) жиырма бір жасқа дейінгі жастар;
- 3) балалар үйлерінің тәрбиеленушілері, жетім балалар және ата-ананың қамқорлығынсыз қалған, жиырма үш жасқа дейінгі балалар;
- 4) кәмелетке толмаған балаларды тәрбиелеп отырған жалғыздікті, көп балалы ата-аналар;
- 5) Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіппен асырауында тұрақты күтімді, көмекті немесе қадағалауды мұқтаж етеді деп танылған тұлғалары бар азаматтар;
- 6) Зейнеткерлік жас алдындағы тұлғалар (жасы бойынша зейнетке шығудан екі жыл бұрын);
- 7) мүгедектер;
- 8) Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері қатарынан босаған тұлғалар;
- 9) бас бостандығынан айыру және (немесе) мәжбүрлеп емдеу орындарынан босатылған тұлғалар;
- 10) оралмандар;
- 11) жоғары және жоғары білімнен кейінгі оқу ұйымдарының түлектері;
- 12) жұмыс беруші - заңды тұлғаның жойылуына немесе жұмыс беруші - заңды тұлға қызметінің тоқтатылуына, жұмысшылар саны мен штатының қысқаруына байланысты, жұмыстан босатылған тұлғалар;
- 13) ұзақ (он екі айдан аса) жұмыс істемеген тұлғалар;
- 14) жұмыссыздар ретінде жұмыспен қамту мәселелері бойынша уәкілетті органда

тіркелген елу жастан асқан тұлғалар;

15) алған мамандығы бойынша еңбек өтілі мен тәжірибесі жоқ, 21-ден 29 жас аралығындағы жұмыс істемейтін жастар;

16) уәкілетті органның жолдамасы бойынша кәсіби оқуды аяқтаған жұмыссыз тұлғалар;

17) техникалық және кәсіби, сондай-ақ орта білімнен кейін білім беретін ұйымдардың тұлғалары;

18) толық емес жұмыс күні тәртібі бойынша жұмыс істейтін тұлғалар.

**Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - Қостанай облысы Қостанай ауданы әкімдігінің 2010.04.27 № 258 қаулысымен.**

2. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қостанай ауданының әкімі*

*Г. Тюркин*

**КЕЛІСІЛДІ:**

*Қостанай ауданы әкімдігінің  
"Жұмыспен қамту және әлеуметтік  
бағдарламалар бөлімі"  
мемлекеттік мекемесінің бастығы*

\_\_\_\_\_ *М. Жусупов*